

ОНЛАЙН КУРСТАРДЫҢ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелер тыңдаушылардың «ӘБЕО орталығы» ЖШС-дағы біліктілікті арттыру онлайн-курстарына қатысу тәртібі мен шарттарын регламенттейді.
2. Тыңдаушылардың курстарға қатысуы ұйымның ресми хатымен (қатысуға өтінім) расталуы тиіс. Курсқа қабылданған қатысушылар **nesipa@mail.ru** e-mail бойынша толтыруға және жіберуге тиісті құжаттамалар: тіркеу карточкасы, жеке куәліктің көшірмесі, қатысушының сауалнамасы, сертификатты жіберу үшін мекенжайы мен индексі.
3. Тыңдаушылардың ақпараттық хатта көрсетілген, онлайн оқыту үшін қажетті барлық ресурстарды, атап айтқанда: ДК (ноутбук, компьютерлік мультимедиа жабдығы (веб-камера, құлаққап/гарнитура) болуы; Интернетке қолжетімділік, Zoom платформасын, веб-браузерлерді, WhatsApp мессенджерін, электрондық поштаны пайдалану мүмкіндігі болуы тиіс.
4. Курстардан өту кезеңінде қатысушылар телефон арқылы және WhatsApp чатындағы хабарламалар арқылы байланысу үшін қолжетімді болуы тиіс.
5. Бейнедәрістерге сілтемелер тыңдаушылардың жалпы чатына алдын ала жіберіледі. Сілтемелерде дәрісті өткізу уақыты көрсетіледі, конференцияға кіру оның басталуына 10-15 минут қалғанда жүзеге асырылады. Қатысушылар бейнеконференцияға алдын ала кіруі тиіс, кешіккен қатысушыларға кіруге рұқсат берілмейді.
6. Бейнедәріске кіру қатысушылар тізімі бойынша жүзеге асырылады. Қатысушылардың лақап аттары мен бейінінде оның тегі мен аты көрсетілуі керек. Бейінінде тегі мен аты көрсетілмеген және/немесе тыңдаушылар тізіміне енгізілмеген қатысушылардың кіруіне рұқсат етілмейді.
7. Бейнеконференцияларға (бейнедәрістерге) қатысу міндетті болып табылады және белсенді болуы керек: қатысушылардың камералары дәріс бойы қосылып тұруы керек. Оқытушы дәріс оқыған кезде қатысушылардың микрофондары өшірілуі тиіс. Тыңдаушылар алдын ала оқытушыдан рұқсат сұрағаннан кейін және/немесе оқытушының өтініші бойынша курс тақырыбына қатысты сұрақтар қою үшін микрофондарды қоса алады.
8. Өз бетінше орындауға арналған тапсырмаларды (дәрістерге арналған тапсырмалар, кері байланысқа арналған сұрақтар, тестілер, бақылау және сынақ жұмыстары және т.б.) орындау курстарда оқытудың міндетті шарты болып табылады. Орындалған тапсырмалар міндетті түрде белгіленген уақытта курстардың поштасына жіберілуі керек. Тапсырмалардың орындалмауы, жауаптардың болмауы және/немесе уақтылы жіберілмеуі материалды меңгермегені және курс сағаттарының толық игерілмегені ретінде бағаланады.
9. Курс басталғанға дейін 10 күн бұрын тыңдаушының аты-жөнін көрсетіп, біздің ұйымның шотына 40 000 теңге көлемінде оқу ақысын төлеу керек.
Реквизиттер:
«Ақыл-есінің немесе бой-бітімінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік («ӘБЕО орталығы» ЖШС)
индекс А05В6Х2 Алматы қ., Байзақов к-сі, 273 «в»
БСН 090 340 001 212
СТН 600 700 126 757
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ33 6017 1310 0002 6550
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ КБе 17
Өнім берушінің коды 56213 (бюджеттік ұйымдар үшін)
10. Осы қатысу ережелерін бұзған тыңдаушылар, ӘБЕО орталығы ЖШС-сыбасшысының бұйрығымен курстан шығарылады. Бұл жағдайда курстан өткені туралы сертификат берілмейді.